

Жетісай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 41-219-VI " Жетісай ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Жетісай аудандық мәслихатының 2022 жылғы 27 мамырдағы № 20-129-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 мамырда № 28284 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Жетісай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 20 қарашадағы № 9-59-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Жетісай аудандық мәслихатының 20.11.2023 № 9-59-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Жетісай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Жетісай аудандық мәслихатының "Жетісай ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы" 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 41-219-VI (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6019 болып тіркелген) шешіміне келесідей өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген шешіммен бекітілген, Жетісай ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасында:

9-тармақтың б) тармақшасы келесі жаңа редакцияда жазылсын:

"б) мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасы бойынша мүгедектерге қоларбамен қамтамасыз етуге:

серуендеуге арналған қоларбаға әлеуметтік көмектің шекті мөлшері 60 айлық есептік көрсеткіш;

бөлмеге арналған қоларбаға әлеуметтік көмектің шекті мөлшері 40 айлық есептік көрсеткіш;"

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

